Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Баспасөз қызметі
Журналистика факультеті
Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы
«Медиасфера» гуманитарлық ғылыми-зерттеу орталығы
Пресс-служба КазНУ имени аль-Фараби
Факультет журналистики
Кафедра печати и электронных СМИ
Гуманитарный научно-исследовательский центр «Медиасфера»

# «АҚПАРАТТЫҚ СЕБЕП: ИМИДЖДІК БАСЫЛЫМДАРДЫ ДАЙЫНДАУ»

Жас оқытушы мектебі семинар-тренинг
19 наурыз, 2014 жыл

Оқу-әдістемелік құрал

# «ИНФОРМАЦИОННЫЙ ПОВОД: ПОДГОТОВКА ИМИДЖЕВЫХ ПУБЛИКАЦИЙ»

Школа молодого преподавателя
семинар-тренинг
19 марта, 2014 год

Учебно-методическое пособие

***



***Қабылғазина Клара*** – филология ғылымдарының кандидаты, ассоциир профессор. 1973 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде 33 жыл қызмет етіп келеді. Радиожурналистика саласынан кандидаттық диссертацияны 2000 жылы қорғаған. Қазіргі кезде «БАҚ-тың жастарды әлеуметтендірудегі қызметі. Шетелдік және республикалық БАҚ тәжірибесінен» деп аталатын ғылыми жұмыс саласында зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

К.Қабылғазина 3 электронды оқулық, 4 оқу құралы, 1 монография шығарған, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің бағдарламасы бойынша шыққан «Радиожурналистика» атты оқулықтың үш тарауын жазған, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы бойынша шыққан «Қазақ журналистикасы» атты үш томдықтың бір тарауын дайындаған, бірнеше типтік бағдарламалар шығарған. Жүздей ғылыми, публицистикалық және имидждік мақалалардың авторы.

Қазақстан Республикасы Журналистер Академиясының дипломымен, Құрмет грамоталарымен марапатталған. «ҚазҰУ-нің үздік оқытушысы» атағының иегері. ҚР Білім және Ғылым Министрлігі экспертгік комиссиясының жұмысына қатысады.

Көркем прозамен шұғылданады, жас ұрпаққа үлгі – тәрбиені насихаттайтын әңгіме, повестері республикалық басылым беттерінде жарияланып тұрады. К.Қабылғазина туралы мемлекеттік тапсырыс бойынша СТВ арнасында деректі фильм





жасалды, «Қазақстан» арнасында және бағдарлама арналы («Сырғалым»), «Білім», «Мәдениет», «Асыл арна» және «Хабар» арналарында сюжеттер түсірілді, БАҚ беттерінде мақалалар жарияланды.

***Қабылғазина К.***

## ЕЛДІК БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗҰУ ИМИДЖІ

Әлемдік кеңістікке ене отырып, халықаралық деңгейде даму саясаты күн тәртібіне енгелі бері Қазақстан мемлекеті алдына орасан зор міндеттер жүктеді. Алдымен экономикалық, халықаралық мәдени, рухани қатынастарда көрініс тапты. Сол үрдіс енді білім және ғылым саласына, соның ішінде жоғары білімге елеулі түрде ықпал жасап отыр. Елдік білім жүйесінің халықаралық кеңістікке шығуы, әлемдік стандарттарға сай деңгейде орын иеленуі сияқты игі істер қарқынмен даму үстінде. Болонья үрдісінің талаптары бойынша оқу орындарын әлемдік деңгейге шығару Елбасынынналға қойып отырған міндеттерінде, үкімет бағдарламаларында көрініс табуда. Бұл жолда алынған, қол жеткен межелер де баршылық. Оған халықаралық рейтингтік «Quacquarelli Symonds (QS)» компаниясының мәліметтері бойынша әлем университеттерінің ішінде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 299 орынға жетуі дәлел. Мұндай жаңалықты Лондонда болған жиында баяндама жасаған университеттің ғылым жөніндегі юірінші проректоры М. Бүркітбаев мырза жеткізген болатын. Ұлыбританияның Кэмбридж университеті 1-орынды иеленсе, алғашқы жүздікке ТМД мемлекеттерінен М.В. Ломоносов атындағы ММУ еніп, 93-орынды иеленген. Бағалау параметрлерін жүргізіп отырған мекемелердің талаптары бойынша ғылыми зерттеулер 30%, ғалымдардың еңбектеріне сілтеме жасау 32,5%, инновациялар 2,5%, шетелдік оқытушылар мен студенттердің үлестік мөлшері 5% болуы керек. Яғни, бұл жерде бағалау критерийлерінің 70%-ы ғылыммен байланысты болып отыр. Бұл болашақта

## МАЗМҰНЫ

***Нургожина Ш.И.*** Имиджевая публикация в СМИ........3
***Ахметова Л.С.*** Работа со СМИ........................................12
***Сұлтанбаева Г.С.*** Журналистика және коммуникация идиалогиясы: мамандықты игерудің қыр-сыры ............................................................................38
***Қабылгазина К.*** Елдік білім жүйесіндегі ҚазҰУ имиджі....................................................................50
***Құрманбаева А.Ә.*** ПОҚ индикативтік жоспарды дұрыс толтыру деңгейін көтеру........................................58
***Велитченко С.Н.*** Интервью как тип коммуникации: основные тактики и стратегии..........................................61
***Ложникова О.П.*** Особенности подготовки интервью для радио............................................................75
***Nogaybayeva Z.A.*** Methods of teaching at the Faculty of Journalism: training games........................84
***Ақынбекова А.Б.*** Радиосұхбат..........................................92
***Әлімжанова Ә.*** Университет сайтындағы пресс-релиз және ақпараттарды дайындау......................98
***Есхуатова Н.Б.*** Повышение общественного имиджа университета – Путь к успеху ...........................103